

Шымкент қаласы әкімдігінің
«21» маусым 2017 жылғы
№594 қаулысына қосымша

«Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Шымкент қаласы аумағында білім саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бөйынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқада актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.


8. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті колданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ж.Тыныбаев көшесі №49 үй, индексі 160000.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.



13. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Шымкент қаласы аумағында білім беру жүйесінде және балалардың құқығын қорғауда мемлекеттік басқару қызметін жүзеге асыру;

білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

«Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзыретіне қатысты салалардағы Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерін жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

16. Функциялары:

1) Орта білім берудегі мемлекеттің саясаты мен білім беруді дамыту бағдарламаларын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңдарының және білім беру саласындағы іс-әрекетті регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілердің орындалуын жүзеге асыру;

3) Білім беру құрылымында перспективалы бағдарламаларды жетілдіру, эксперименттік жұмыстар жүргізу, даму бағыттарының негізгілерін анықтау, атқарылған жұмыс қорытындысының нәтижесін жүзеге асыру;

4) Мектепке дейінгі, мектеп, мектептен тыс, т.б. ведомствалық ұйымдардың іс-әрекетінің координациясы.


5) Кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

6) Білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

7) Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

8) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік



білім беру ұйымдарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылуын, қайта ұйымдастырылуын және таратылуын ұйымдастырады;

10) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

11) жыл сайын 1 тамызға дейін мектепке дейінгі даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына білім беру органдары оқу жылына болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

12) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекітілуін ұйымдастырады;

13) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

14) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;


15) Шымкент қаласы аумағында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді;

16) Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

17) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етілуінің, оларды міндетті жұмысқа орналастырылуының және тұрғын үймен қамтамасыз етілуінің жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

18) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;



20) Білім беру ұйымдарында оқу бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

21) Мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы ұсыныс енгізілуін ұйымдастырады;

22) Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

23) Білім беру мониторингін жүзеге асырады;

24) негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және солармен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

25) жыл сайын белгіленген мерзімдерде білім саласындағы уәкілетті органның білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде статистикалық байқаулар деректерін жинауды қамтамасыз етеді;

26) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

27) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз етеді;

28) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат берілуін ұйымдастырады;

29) білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін білім алудың арнайы жағдайларын жасайды;

30) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) конференциялар, семинарлар мен оқыту нысандарын және білім беру саласындағы мамандармен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;

2) белгіленген тәртіпте қажетті ақпаратты сұрату және алу мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдармен бірлесе іс-қимыл жасау, олардан өзінің функцияларын орындау мақсатында;


3) тәрбие, білім беру саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

4) өзінің құзыреті шегінде ұйымдар құру, қайта құру және тарату жөнінде облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын облыстың жергілікті атқарушы органымен келісу бойынша



Шымкент қаласының әкімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастырады және басшылық жасайды;

2) «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген мақсаттар мен функцияларды, қала әкімдігінің, қала әкімінің және қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының тапсырмаларын жүзеге асыруға жеке жауапты болады;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының, «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін, сондай-ақ «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың басшылары мен басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүдделерін білдіреді;

7) шарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;


10) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) заңнамамен белгіленген тәртіпте «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмысшыларын іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек қорсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін жоғарлату, көтермелеу, үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру, сонымен қатар оларға тәртіптік жаза қолдану мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

12) «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың басшыларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын және оларға тәртіптік жаза қолданады;

13) «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде жұмыс жүргізеді;

14) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, нәтижелерін бағалауға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады.



15) «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қаржы-шаруашылық қызметіне және берілген мүлкінің сақталуы үшін жеке жауаптылықта болады.

«Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін колданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында окшауланған мүлкі болуы мүмкін.

«Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. «Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

